

6D074800 — «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бақша қараот (*Portulaca oleracea* L.) өсімдігінен дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбында диссертациялық жұмысты орындаған PhD докторант Меруерт Ильясовна Тлеубаеваға
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ШІКІРІ

Тлеубаева Меруерт Ильясовна 1994 жылы Алматы мемлекеттік медицина институтының фармацевтік факультетті бітірді. 2018 жылы С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне 6D074800 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша PhD докторантураға түсті.

Ізденуші М.И. Тлеубаеваның ғылыми зерттеу тәжірибесі, фармацевтика саласында және кәсіби техникалық білім беру саласында мол тәжірибесі бар.

Ізденушінің «Бақша қараот (*Portulaca oleracea* L.) өсімдігінен дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысы жаңалыққа ие, Қазақстанның дәрілік өсімдіктерін зертеуге, нормативті құжаттар және дәрілік заттарды тәжірибелік өндірістік регламент жасауға арналған. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттері өзекті.

Тлеубаева М.И. шикізаттың фармакогностикалық зерттеуін жүргізіп, критикалық жағдайға дейінгі жағдайда көмірқышқылды экстрактын алып, алынған экстрактың биологиялық белсенділігін бағалап, стандарттауды жүргізді. Зерттеулердің негізгі нәтижелері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған басылымдарда және Scopus халықаралық дерек қорына кіретін журналда жарияланып, сонымен қатар халықаралық және республикалық ғылыми конференцияларда апробациядан өтті.

Диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы 20.12.2020ж. Қазақстан Республикасының өнертабыстарының мемлекеттік тізілімінде тіркелген № 34777 «Бақша қараот шөбінен (*Portulaca oleracea* L.) көмірқышқылды сығынды алу тәсілі» өнертабыс патентімен расталады.

Алынған нәтижелер жаңашылдығымен және практикалық маңыздылығымен ерекшеленеді: *Portulaca oleracea* L өсімдік шикізатына және *Portulaca oleracea* көмірқышқылды экстрактына нормативті құжаттардың жобалары жасалып, медицина, фармация және тамақ өнеркәсібі саласы үшін шикізат субстанция ретінде ұсынуға мүмкіндік береді.

Зерттеу жұмыстарының нәтижелері С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде КеАҚ, Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінде 5B070100 - «Биотехнология» бакалавриат бағдарламасы аясында «Фармакогнозия» пәні бойынша, Санкт-Петербург химия-фармацевтикалық университетінде жоғары білім бағдарламалары аясындағы – бакалавриат бағдарламаларының «Химиялық технология. Дайын дәрілік құралдар өндірісі» бағытына кіретін «Фитопрепараттар

технологиясы» пәні бойынша оқу үрдісіне енгізілді. Сонымен қатар «ДПО «ЖАНАФАРМ» ЖШС фармацевтикалық өндірісіне енгізілді.

Зерттеу жұмысының фрагменттері С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде КеАҚ, Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды университетінде, «ДПО «ЖАНАФАРМ» ЖШС фармацевтикалық өндірісі базасында, ҚР БҒМ ШЖҚ РМК «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің» ШЖҚ Еншілес мемлекеттік кәсіпорын «Физика-химиялық зерттеу және талдау әдістері орталығы» «Биосфера экологиясы» зертханасында; Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің колданбалы химия институтының зертханасында М.И. Тлеубаевамен жеке орындалды.

Ізденуші барлық қойылған міндеттерді толық көлемде орындап, максатына жетті.

Диссертацияны орындау кезеңінде Тлеубаева М.И. өзін ғылыми міндеттерді қоюға және орындауға қабілетті, тәжірибелі зерттеуші ретінде танытты. Жабайы және мәдени түрдегі шикізатты жинау, қоры мен таралу аймақтарын бағалаудан бастап, алынған экстрактқа өндірістік тәжірибелік регламент бекітумен аяқтап, өзі жеке орындады.

М.И. Тлеубаеваорындаған 6D074800 — «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «Бақша қараот (*Portulaca oleracea* L.) өсімдігінен дәрілік құралдар жасаудың фармацевтикалық негіздемесі» тақырыбында диссертациялық жұмысты Қазақстан Республикасында философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылатын диссертацияларға қойылатын нормативтік талаптарға сай және жариялы қорғауға ұсынуға болады.

Ізденушінің жеке қасиеттері мен қабілеттерін, оның зерттеу аумағындағы құзіреттілігін ескере отырып М.И.Тлеубаеваны 6D074800 — «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

**биология ғылымдарының кандидаты,
КеАҚ «Е.А. Букетов атындағы
Қарағанды университеті»
ботаника кафедрасының профессоры**

М.Ю. Ишмуратова

